

Ж. Ш. Жалмаханов, ФЗИ-ның Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі және басқару мәселелерін зерттеу жөніндегі орталығының ғылыми қызметкері
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың мәні мен мазмұны (Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы заңдарын салыстыру негізінде)

Аннотация. Мақаланың тақырыбына сай Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының заңнамасының құрылымдық және мазмұндық салыстыру жасалған. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай енгізілген кезде қолданылатын негізгі шаралар мен уақытша шектеулерге, төтенше жағдайдың мерзімі, жауапты мемлекеттік органдар туралы мәліметтер талданып көрсетілген. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай кезіндегі шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ азаматтардың қоғамға және мемлекет біртұтастығына әкеп соқтыратын зардаптары айтылып кеткен. Мақала қорытындысында ұсыныс ретінде берілген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ институты алдын алу шарасы және Қазақстан Республикасының әлемдік аренадағы ерекшеліктеріне қарай ұсынылған.

Түйін сөздер: төтенше жағдай, әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар, алдын алу, заңнама салыстыру, терроризм, негізгі шаралар, уақытша шектеулер.

Құқық тарихы қазіргі кезде роман-герман және ағылшын-саксон жүйелеріне келіп тоғысатыны, оның ішіндегі роман-германдық жүйесі өз бастауын Рим құқығынан алатыны, ол жалпы континенталдық жүйе деп аталатыны белгілі. «Континенталдық» деп аталуының басты себебі ежелгі Рим империясында пайда болып, Еуропаның барлық елдеріне дерлік таралуымен тығыз байланысты. Біз салыстарғалы отырған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының заңдарының түп негізі тарихи тұрғыда роман-герман құқық жүйесінде, ХХ ғасырда бір мемлекеттің, яғни Кеңестер Одағы құрамындағы бір заң кеңістігінде болды. Тәуелсіздік алған жаңа жас мемлекеттер негізінен бұрын қалыптасқан құқықтық жүйені, заңдарды қабылдау мен оларды жүзеге асыру жолдарының негізін бұзбай қолданысқа енгізді. Аталған екі елдің заңнамалық жүйесінің жалпы қағидалары ортақ болғанмен, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және т. б. ішкі, сыртқы факторларға байланысты өзіндік ерекшеліктерінің болуы да заңды құбылыс. Бұл екі мемлекеттің заңдарындағы ортақ ұқсастықтар мен өзіндік ерекшеліктерді нақты заң негізінде дәйектеу керек болады. Салыстыру нысаны ретінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының «Төтенше жағдай туралы» заңдарын алып, әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайға қатысты ережелерін нақтылап салыстыру арқылы ұқсастықтары мен ерекшеліктерінің, заңдардың баптары, тармақтары және тармақшаларының мазмұнынан теориялық, әдістемелік және тәжірибелік пікір, пайымдау, түйін жасап, біздің заңымызға ұтымды тұстарынан ұсыныстар жасауға талпынамыз.

Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайға тоқталмай тұрып, төтенше жағдай түсінігіне анықтама бере кеткен жөн. Төтенше жағдай дегеніміз — белгілі территорияда апаттың, стихиялы жағдайдың немесе катастрофаның салдарынан туындаған, адамдардың өліміне алып келуі мүмкін, адам денсаулығына зиян келтіретін, қоршаған ортаға және шаруашылық объектілеріне зиян келтіретін, халықтың тіршілік қауіпсіздігі жағдайларын бұзатын және көптеген материалдық шығын келтіретін жағдай. Аталған анықтамадан төтенше

жағдайларды пайда болу себептеріне қарай табиғи сипаттағы, техногендік сипаттағы және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларға жіктеуге болады.

Ал әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай дегеніміз — адам шығындарына, денсаулыққа зиян келтіруге, елеулі мүліктік шығындарға немесе тұрғындардың тіршілік әрекеті жағдайының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан әлеуметтік қатынастар саласындағы белгілі бір аумақта қайшылықтар мен жанжалдардың туындауымен байланысты төтенше жағдайлар. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар белгілі бір ерекшеліктеріне қарай жіктеледі, мысалы, пайда болу себебіне қарай абайсыздан, туындаған кездейсоқ жағдайлар, нақты адамдарға немесе қоғамдық күштерге байланысты емес іс-әрекеттер (көбінесе табиғи апаттар, эпидемия және т. б.), әдейі немесе адамдар не қоғамдық топтар арандатқан оқиғалар (ұлтаралық және саяси қақтығыстар, соғыс және т. б.) болып бөлінеді. Уақыт ұзақтығына қарай қысқа уақытты (террористік акт, қастандық, бандиттік шабуыл, соғыс және т. б.) және ұзақ уақытты (инфляция, жұмыссыздық, этносаралық жанжалдар, соғыс және т. б.) болады.

Қазақстан Республикасының «Төтенше жағдай туралы» Заңы 2003 жылғы 8 ақпанда қабылданды, 2015 жылы 10 қаңтар айында өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Заң 6 тарау, 25 баптан тұрады, I-тарау «Жалпы ережелер» 3 баптан; 1.1-тарау «Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимі» 4 баптан; II-тарау «Төтенше жағдайды енгізу мен оның күшін жоюдың шарттары, негіздері, тәртібі» 6 баптан; III-тарау «Төтенше жағдай кезеңіне енгізілетін мемлекеттік басқарудың арнайы органдары. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету» 6 баптан; IV-тарау «Төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар мен уақытша шектеулер» 2 баптан; V-тарау «Төтенше жағдай кезіндегі жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ лауазымды адамдар құқықтарының кепілдігі және олардың жауапкершілігі» 7 баптан; VI-тарау «Қорытынды ережелер» 2 баптан тұрады.

Ресей Федерациясының «Төтенше жағдай туралы» Заңы 2001 жылғы 30 мамырда қабылданды, 2016 жылы 3 шілдеде өзгерістер енгізілді. Заң 6 тарау, 24 баптан тұрады. I-тарау «Жалпы ережелер» 2 баптан; II-тарау «Төтенше жағдайды енгізу тәртібі мен мән-жайлары» 8 баптан; III-тарау «Төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар мен уақытша шектеулер» 5 баптан; IV-тарау «Төтенше жағдайды қамтамасыз ететін күштері мен құралдары» 6 баптан; V-тарау «Төтенше жағдай енгізілген территориядағы ерекше басқару» 6 баптан; VI-тарау «Төтенше жағдай кезіндегі азаматтар мен лауазымды тұлғалардың құқықтық кепілдіктері мен жауапкершілігі» 9 баптан; VII-тауар «Қорытынды ережелер» 7 баптан тұрады.

Екі мемлекеттің «Төтенше жағдай туралы» заңдарын құрылымдық және мазмұндық салыстыру негізінде олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқындап көрейік.

Құрылымдық салыстыру	
Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы «Төтенше жағдай туралы» Заңы	Ресей Федерациясының 2001 жылғы 30 мамырдағы «Төтенше жағдай туралы» Заңы
6- тарау 25 баптан тұрады.	8-тарау 43 баптан тұрады.
1-тарау. Жалпы ережелер.	Глава I. Общие положения
1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі	

<p>ұғымдар.</p> <p>2-бап. Төтенше жағдайдың құқықтық негізі.</p> <p>3-бап. Төтенше жағдайды енгізудің мақсаты.</p> <p>1-1-тарау. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимі.</p> <p>3-1-бап. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимі.</p> <p>3-2-бап. Мемлекеттік органдардың әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі құзыреті.</p> <p>3-3-бап. Жедел штабтар.</p> <p>3-4-бап. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар.</p> <p>2-тарау. Төтенше жағдайды енгізу мен оның күшін жоюдың шарттары, негіздері, тәртібі.</p> <p>4-бап. Төтенше жағдай енгізудің шарттары, негіздері.</p> <p>5-бап. Төтенше жағдайды енгізу тәртібі.</p> <p>6-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше жағдайды енгізу туралы жарлығының мазмұны.</p> <p>7-бап. Төтенше жағдайдың күшінде болу мерзімі.</p> <p>8-бап. Төтенше жағдайды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру.</p> <p>9-бап. Төтенше жағдайдың күшін жою.</p> <p>10-бап. Төтенше жағдайдың құқықтық режимінің ерекшеліктері.</p> <p>3-тарау. Төтенше жағдай кезеңіне енгізілетін мемлекеттік басқарудың арнайы органдары. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету.</p> <p>11-бап. Төтенше жағдай кезеңіндегі мемле-</p>	<p>Статья 1. Чрезвычайное положение</p> <p>Статья 2. Цели введения чрезвычайного положения</p> <p>Глава II. Обстоятельства и порядок введения чрезвычайного положения</p> <p>Статья 3. Обстоятельства введения чрезвычайного положения</p> <p>Статья 4. Введение чрезвычайного положения</p> <p>Статья 5. Содержание указа Президента Российской Федерации о введении чрезвычайного положения</p> <p>Статья 6. Обнародование указа Президента Российской Федерации о введении чрезвычайного положения</p> <p>Статья 7. Утверждение Советом Федерации Федерального Собрания Российской Федерации указа Президента Российской Федерации о введении чрезвычайного положения</p> <p>Статья 8. Особенности деятельности Федерального Собрания Российской Федерации в период действия чрезвычайного положения на всей территории Российской Федерации</p> <p>Статья 9. Срок действия чрезвычайного положения</p> <p>Статья 10. Отмена Президентом Российской Федерации чрезвычайного положения</p> <p>Глава III. Меры и временные ограничения, применяемые в условиях чрезвычайного положения</p> <p>Статья 11. Меры и временные ограничения, применяемые при введении чрезвычайного положения</p> <p>Статья 12. Меры и временные ограничения, применяемые в условиях чрезвычайного</p>
--	---

<p>кеттік басқарудың арнайы органдары.</p> <p>12-бап. Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары.</p> <p>12-1-бап. Мемлекеттік комиссияның қызметін ұйымдастыру.</p> <p>13-бап. Төтенше жағдай енгізілген жер комендантының өкілеттіктері.</p> <p>14-бап. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге арналған күштер мен құралдар.</p> <p>14-1-бап. Төтенше жағдай кезінде байланыс желілерін басқару.</p> <p>4-тарау. Төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар мен уақытша шектеулер.</p> <p>15-бап. Төтенше жағдай енгізілген кезде қолданылатын негізгі шаралар мен уақытша шектеулер.</p> <p>16-бап. Төтенше жағдай кезінде қолданылатын қосымша шаралар мен уақытша шектеулер.</p> <p>5-тарау. Төтенше жағдай кезіндегі жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ лауазымды адамдар құқықтарының кепілдігі және олардың жауапкершілігі.</p> <p>17-бап. Төтенше жағдай кезінде шаралар мен уақытша шектеулерді қолдану шектері.</p> <p>18-бап. Төтенше жағдайдың күшінде болуы кезеңіндегі жеке және заңды тұлғалар құқықтарының кепілдіктері.</p> <p>19-бап. Дене күшін, арнайы құралдарды, қызметтік иттерді, қаруды қолданудың, әскери техниканы пайдаланудың шарттары мен шектері.</p> <p>20-бап. Коменданттық сағат ережелерін бұзған жеке тұлғаларды ұстау тәртібі.</p> <p>21-бап. Төтенше жағдайдың күшінде</p>	<p>положения, введенного при наличии обстоятельств, указанных в пункте «а» статьи 3 настоящего Федерального конституционного закона</p> <p>Статья 13. Меры и временные ограничения, применяемые в условиях чрезвычайного положения, введенного при наличии обстоятельств, указанных в пункте «б» статьи 3 настоящего Федерального конституционного закона</p> <p>Статья 14. Ограничение права на участие в выборах и референдуме граждан Российской Федерации в условиях чрезвычайного положения</p> <p>Статья 15. Приостановление действия правовых актов органов государственной власти субъектов Российской Федерации и актов органов местного самоуправления</p> <p>Глава IV. Силы и средства, обеспечивающие режим чрезвычайного положения</p> <p>Статья 16. Силы и средства для обеспечения режима чрезвычайного положения</p> <p>Статья 17. Привлечение дополнительных сил и средств для обеспечения режима чрезвычайного положения</p> <p>Статья 18. Комендант территории, на которой введено чрезвычайное положение</p> <p>Статья 19. Координация действий сил и средств, обеспечивающих режим чрезвычайного положения</p> <p>Статья 20. Особенности оперативного подчинения войск и воинских формирований при введении чрезвычайного положения на всей территории Российской Федерации</p> <p>Статья 21. Дополнительные гарантии и компенсации лицам, участвовавшим в обеспечении режима чрезвычайного</p>
--	--

<p>болуын тоқтатудың құқықтық салдары.</p> <p>22-бап. Жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ лауазымды адамдардың төтенше жағдай режимінің талаптарын бұзғаны үшін жауаптылығы.</p> <p>23-бап. Төтенше жағдай енгізілген жерде сот төрелігін жүзеге асыру.</p> <p>6-тарау. Қорытынды ережелер.</p> <p>24-бап. Халықаралық ізгілік көмек.</p> <p>25-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі.</p>	<p>положения</p> <p>Глава V. Особое управление территорией, на которой введено чрезвычайное положение</p> <p>Статья 22. Органы особого управления территорией, на которой введено чрезвычайное положение</p> <p>Статья 23. Обращение Президента Российской Федерации при введении особого управления территорией, на которой введено чрезвычайное положение</p> <p>Статья 24. Временный специальный орган управления территорией, на которой введено чрезвычайное положение</p> <p>Статья 25. Федеральный орган управления территорией, на которой введено чрезвычайное положение</p> <p>Статья 26. Правовые акты органов особого управления территорией, на которой введено чрезвычайное положение</p> <p>Статья 27. Финансирование работ по устранению причин и последствий обстоятельств, послуживших основанием для введения чрезвычайного положения</p> <p>Глава VI. Гарантии прав граждан и ответственность граждан и должностных лиц в условиях чрезвычайного положения</p> <p>Статья 28. Пределы применения мер и временных ограничений в условиях чрезвычайного положения</p> <p>Статья 29. Гарантии имущественных и социальных прав граждан и организаций в период действия чрезвычайного положения</p> <p>Статья 30. Порядок и условия применения физической силы и специальных средств</p> <p>Статья 31. Порядок задержания граждан, нарушивших правила комендантского часа</p>
--	---

	<p>Статья 32. Ответственность за нарушение требований режима чрезвычайного положения</p> <p>Статья 33. Правовые последствия прекращения периода действия чрезвычайного положения</p> <p>Статья 34. Ответственность лиц, участвующих в обеспечении режима чрезвычайного положения</p> <p>Статья 35. Осуществление правосудия на территории, на которой введено чрезвычайное положение</p> <p>Статья 36. Деятельность органов прокуратуры на территории, на которой введено чрезвычайное положение</p> <p>Глава VII. Заключительные положения</p> <p>Статья 37. Уведомление и информирование Организации Объединенных Наций и Совета Европы о введении чрезвычайного положения и прекращении периода его действия</p> <p>Статья 38. Уведомление сопредельных государств о введении чрезвычайного положения</p> <p>Статья 39. Международная гуманитарная помощь</p> <p>Статья 40. Признание утратившими силу отдельных законодательных актов в связи с принятием настоящего Федерального конституционного закона</p> <p>Статья 41. Приведение нормативных правовых актов в соответствие с настоящим Федеральным конституционным законом</p> <p>Статья 42. Признание не действующими и не подлежащими применению на территории Российской Федерации отдельных законодательных актов Союза ССР</p>
--	---

	Статья 43. Вступление в силу настоящего Федерального конституционного закона
--	--

Мақала көлемі шектелгеніне байланысты Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының заңнамасының ерекшеліктері мен ұсыныстары бойынша келесі жұмыстарда қарастырамыз.

РЕЗЮМЕ

В статье проводится сравнение структуры и содержания Законов «О чрезвычайных ситуациях» Республики Казахстан и Российской Федерации. В результате автор предлагает свое решение некоторых вопросов.

RESUME

The article investigates structural and comparison of Law of the Republic Kazakhstan and the Russian Federation on «the state of emergency». As the result the author offers temporary restrictions and additional measures by the method of compressing.